

## Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 7 тамыздағы N 1090 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 20 қараша N 1494. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 25 маусымдағы № 374 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 25.06.2018 № 374 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының K010209\_ Кодексін (Салық кодексін) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Z010210\_ Заңының 4-бабын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Ізгілік көмегі ретінде тауарлар әкелу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 7 тамыздағы N 1090 P951090\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 27, 324-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспедегі "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235\_ Заң күші бар Жарлығын" деген сөздер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы K010209\_ Кодексін (Салық кодексі)" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі" деген сөздер " Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Шетелден Қазақстан Республикасының кеден аумағына ізгілік көмегі ретінде тауарларды әкелу тәртібі туралы ережеде:

1-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Уәкілетті ұйымдар арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі бөлетін азық-түлік, халықтық тұтыну тауарлары, техника, керек-жарақтар, жабдықтар, медициналық құралдар мен дәрі-дәрмектер, халықтың өмірі мен тұрмыс жағдайларын жақсарту үшін шетелдер мен халықаралық ұйымдар жіберген өзге заттар, сондай-ақ әскери, экологиялық, табиғи және техногендік сипаттағы

төтенше жағдайлардың алдын-алу және жою түрінде Қазақстан Республикасына тегін берілетін мүлік ізгілік көмегі болып табылады." .

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі мен Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мүдделі министрліктермен бірлесіп, он күндік мерзімде Халықаралық ізгілік көмек мәселелері жөніндегі комиссияның құрамын өзгерту жөніндегі қаулы жобасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізсін.

3. Халықаралық ізгілік көмек мәселелері жөніндегі комиссия 2001 жылғы

20 желтоқсанға дейін халықаралық ізгілік көмекті бөлуді жүзеге асыруға уәкілетті ұйымдардың тізбесі жөнінде ұсыныстар енгізсін.

4. Осы қаулы 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енетін 1-тармақты қоспағанда, жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Жұманазарова А.Б.